

Тауарлардың импорты кезінде уақытша шектеулер енгізу туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

Отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында және Қазақстанмен шекаралас Ресей облыстары губернаторларының бастамашылығы бойынша уақытша шектеулер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің өзара уағдаластығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заң күші бар Жарлығының 20 және 21-тармақтарына сәйкес мынадай уақытша шектеулер енгізілсін:

1999 жылдың 11 қаңтарынан 23 маусымына дейін Қазақстан Республикасының аумағына, қосымшаға сәйкес, шыққан елі Ресей Федерациясы болып табылатын тауарларды, сондай-ақ:

Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен өткізілетін тауарлардың алушысы Қазақстан Республикасы немесе үшінші елдер болып табылатын;

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан әскери құралымдарының жүктері әскери көліктің нөмірлерімен теміржол көлігімен жеткізілетін жағдайларды қоспағанда, кедендік ресімдеу Ресей Федерациясының аумағында жүргізілген үшінші елдердің тауарларын әкелуге тыйым салынсын; < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.04. N 83 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ.5-абзац алып тасталды - ҚРҰ-нің 2003.03.31. N 310 қаулысымен .

2 . < * >

ЕСКЕРТУ.2-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 2003.03.31. N 310 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Кеден одағының Интеграциялық

комитетін, осы қаулының 1-тармағына сәйкес уақытша шектеулер енгізілгені туралы хабардар етсін. < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.04. N 83 қаулысымен .

4. Транзитті кедендік ресімдеудің өткізу пункттерін шектеу және алкогольді сусындарды (ТМД СЭҚ ТН коды 2204-2208) тек темір жол көлігімен, оның ішінде құрамында спирттің концентрациясы кемінде 80 көлемдік % толық айырылмаған этил спирті (ТМД СЭҚ ТН коды 2207) және спирттің концентрациясы 80 көлемдік %-тен кем толық айырылмаған этил спирті (ТМД СЭҚ ТН коды 2208) тек темір жол көлігімен, цистерналарда және тағайындалған пунктіне дейін тиісті кедендік қосақпен транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру жолымен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеудің ерекше режимі енгізілсін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті:

10 күннің ішінде алкогольді сусындарды (ТМД СЭҚ ТН коды 2204-2208) кедендік ресімдеудің өткізу пункттерін айқындасын;

10 күннің ішінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден комитетімен алкогольді сусындарды (ТМД СЭҚ ТН коды 2204-2208) кедендік ресімдеудің өткізу пункттерін келіссін;

ЕСКЕРТУ.4-абзац алып тасталды - ҚРҰ-нің 2003.03.31. N 310 қаулысымен .

6. Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1999 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметіне жекелеген тауарларды әкелуге уақытша шектеулердің нәтижелері және оларды сақтаудың орындылығы туралы хабарласын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1376 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар әкелу кезінде оларға қатысты уақытша тыйым салу қолданылатын тауарлардың тізбесі < * >

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1999.02.04. N 83 қаулысымен .

СЭҚ	ТН	коды	Тауарлардың қысқаша атауы
0201-0202			Мүйізді ірі қара малдың еті, жас немесе салқындатылған, тоңазытылған
0203			Жас шошқа еті, салқындатылған, тоңазытылған
0207			Үй құсының еті және тамақтық қосымша өнімдері
0402			Құрамына қант немесе басқа да тәттілендірілген заттар қосылған сүт пен кілегей, қойытылған сүт
0 4 0 5			С а р ы м а й
040700			Құстың жұмыртқасы, қабығындағы, жас, консервіленген (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіруді қадағалауының рұқсаты болған кезде инкубаторға арналған құстардың жұмыртқаларын қ о с п а ғ а н д а) < * >
1001			Бидай және меслин (өндіру немесе селекциялық жұмыстар үшін әкелінетін Ресей селекциясының бидайы сорттарын қоспағанда)
1 0 0 2	0 0	0 0 0	Қ а р а б и д а й
1 0 0 5			Ж ү г е р і
1 0 0 6			К ү р і ш
1101			Бидай немесе бидай-қара бидай ұны
1107			Солод, қуырылған немесе қуырылмаған
1201 00			Сояның уатылған немесе уатылмаған бұршағы
1205 00			Рапстың уатылған немесе уатылмаған тұқымы

1206 00	Күнбағыстың уатылған немесе уатылмаған тұқымы
1517	Маргарин; тамаққа пайдалануға жарамды қоспалар немесе жануарлар немесе өсімдік майларынан жасалған дайын өнімдер немесе әртүрлі майлардың қоспасынан бөлінетін немесе осы топтағы майлар
1601 00	Шұжықтар мен еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалатын осындай өнімдер; олардың негізінде дайындалған дайын тамақ өнімдері
1704	Құрамында какао жоқ қанттан жасалған кондитерлік б ұ й ы м д а р
1806	Какао қосылған шоколад және басқа дайын тамақ ө н і м д е р і
1902	Спагетти, макарондар, кеспе сияқты жылумен өңдеуге жатқызылған немесе жатқызылмаған ашымаған камырдан жасалған бұйымдар
210210	Жылдам ашытқылар <*>
2207	Құрамында кемінде 80 көлемдік % спирт концентрациясы бар толық айырылмаған этил спирті
2208	Спирт концентрациясы 80 көлемдік %-тен кем толық айырылмаған этил спирті
2304 00 00	Соя майын айырған кезде алынатын күнжаралар және басқада қатты қалдықтар